

БЕКІТІЛДІ
«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2025 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

«Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-
НЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ақтөбе, 2025

Есепті кезеңде «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) академиялық, ғылыми, халықаралық қызметте, сондай-ақ тәрбие жұмысында және инфрақұрылымды дамытуда елеулі жетістіктерге қол жеткізді.

Атап айтқанда, Университет Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру гранттарының алты жеңімпазының бірі болды. Аталған бағдарлама аясында Университетте Академиялық және ғылыми-зерттеу артықшылық орталығы өз жұмысын бастады. Орталық құрамында металлургия, материалтану және химия бағыттарындағы үш заманауи зертхана бар, олар тау-кен металлургия саласының кәсіпорындарына ғылыми-зерттеу қызметтерін көрсетеді. Бағдарлама Университеттің ғылыми-зертханалық базасын едәуір жаңартуға, ғалымдардың мықты тобын қалыптастыруға және Ақтөбедегі нақты сектор мен өндірісте тәжірибелік енгізумен қолданбалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Университет жанындағы Хериот-Уатт халықаралық серіктестік кампусы (Heriot-Watt University) белсенді дамуын жалғастырды: алғаш рет студенттерге Ұлыбритания пен Малайзия кампустарында Go Global бағдарламасы аясында оқу мүмкіндігі берілді. Бұл бағдарлама оқыту, сапаны бағалау және академиялық стандарттарға бірыңғай жаһандық көзқарасты білдіреді. Университет қызметкерлері “Болашақ – 500 ғалым” бағдарламасы аясында Хериот-Уатт университетінің Эдинбург қаласындағы бас кампусында тағылымдамадан өтті. Биыл кампусқа Қазақстанның 11 өңірінен және Ресей мен Өзбекстан елдерінен шетел азаматтары алғаш рет қабылданды.

Академиялық қоғамдастықтың сенімінің маңызды көрінісі ретінде Университет Академиялық адалдық лигасының төрағасы болып сайланды. Университет жоғары білім беру саласындағы Қазақстанның жетекші оқу орындарының бірі ретінде өз позициясын нығайтып, жоғары академиялық стандарттарға берік ұстанымын және батыс өңір мен тұтастай ел үшін білікті мамандар даярлаудағы маңыздылығын растады.

ҚОҒАМНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

1-басым бағыт. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету

Университетте білім беру қызметі жоғары білімнің 8 саласы мен 25 бағыты бойынша жүзеге асырылады. Барлығы 122 білім беру бағдарламасы іске асырылуда, олардың 92%-ы аккредитациядан өткен (НААР – 50 ББ, KazSee – 26 ББ, IQAA – 5 ББ және ARQA – 31 ББ).

Академиялық сапаны арттыру мақсатында құрамында оқытушылар, студенттер және жұмыс берушілер бар Академиялық комитеттер мен Сапаны қамтамасыз ету комиссиялары жұмыс істейді. 2024 жылы Университет Академиялық адалдық лигасының стандарттарына сәйкестігін растады және оның төрағасы болып сайланды. Есепті кезеңде білім алушылар контингенті 13 756 адамды құрады, олардың 43%-ы грант иегерлері. Оқыту негізінен мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2024 жылы 3 691 талапкер қабылданды, олардың ішінде 137-сі «Алтын белгі» иегерлері. ҰБТ-ның орташа балы 78,1 құрады. Түлектерді жұмысқа орналастыру деңгейі 74%-ға жетті. «Атамекен» ҰКП рейтингі бойынша 23 ББ ТОП-10 қатарына, ал 3 ББ ТОП-5 қатарына енді.

Есепті кезеңде Университет QS рейтингі бойынша Орталық Азияның үздік 30 университетінің қатарына енді және алғаш рет Times Higher Education Impact Rankings рейтингіне (1501+ санатында) кірді, осылайша БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қосқан үлесін көрсетті.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыру – басым бағыттардың бірі. 2024 жылы оқытушылардың 63%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өтті, оның ішінде шетелдік тағылымдамалар да бар. Хяме университетімен (Финляндия) және Coursera платформасымен бірлесіп педагогикалық көшбасшылық, инклюзивті білім беру, жасанды интеллект және CLIL бойынша курстар өткізілді. 21 қызметкер халықаралық “Болашақ – 500 ғалым” бағдарламасының стипендиаты атанды.

Сонымен қатар, Университет инфрақұрылымды жаңғыртуды жалғастыруда. Кітапханаларда, оқу ғимараттарында және жатақханаларда жөндеу жұмыстары жүргізілді, RFID жүйелері мен электронды оқырман билеті қосымшасы енгізілді, заманауи open space аймақтары құрылды. Жатақханалар мен «Жастар үйі» кешенінде тұрғын бөлмелер мен жабдықтар жаңартылды. Бұл шаралар жайлы, технологиялық және заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Университет маркетинг пен цифрлық коммуникацияны белсенді дамытып келеді. 2024 жылы ресми веб-сайт жаңартылды, ал әлеуметтік желілердегі аудитория алдыңғы жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсті: Instagram қамтуы – 5,24 млн қаралым, TikTok – 885 мың. Университет туралы 169 аймақтық және 45 республикалық БАҚ материалдары жарық көрді.

2-басым бағыт. Ғылыми зерттеулер мен инновациялық эзирлемелерді дамыту және олардың тиімділігін арттыру

2024 жылы профессорлық-оқытушылық құрам 1,68 млрд теңге сомасына 30 ғылыми жобаны іске асырды. Оның ішінде 14 жоба – гранттық қаржыландыру, 11 жоба – «Жас ғалым» бағдарламасы, 3 жоба – жас зерттеушілердің жобалары, 2 жоба – бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру және 5 жоба – жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша келісімшарттық зерттеулер. ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетіне 57 жаңа гранттық өтінім беріліп, олардың 7-і қаржыландыруға мақұлданды. Сонымен қатар, Университет Академиялық және ғылыми-зерттеу артықшылық орталығын құру үшін 3 млрд теңге көлеміндегі грантты жеңіп алды. Аталған бағдарлама аясында Университетте металлургия, материалтану және химия бағыттарындағы үш заманауи зертхана өз жұмысын бастады. Бұл зертханалар өңірдің тау-кен металлургия кәсіпорындарына ғылыми-зерттеу қызметтерін ұсынады.

Есепті жылы ғылыми қызмет аясында Scopus базасында 149, ал Web of Science базасында 74 мақала жарияланды. Университеттің H-индексі 14-ке жетіп, дәйексөз саны 494 болды. Желтоқсан айында ҚР ҒЖБМ, Ғылым қоры және «Самғау» орталығының қатысуымен аймақтың экологиялық мәселелеріне, соның ішінде Көкжиде кен орнындағы жерасты суларының ластануына арналған ғылыми-технологиялық сессия өткізілді.

2024 жылы статикалық масса-анализаторға, люминесценция технологиясына және киіз үй түріндегі жылжымалы шкафқа үш патент алынды. Қолданбалы зерттеулер белсенді дамып келеді: «Carboflow» ЖШС-мен бірге сарқынды суларды тазарту, «Iron Bars» ЖШС-мен – мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «ақылды турник» жасау, ал «NS Service Group» ЖШС-мен – өрт сөндіргіштерге арналған ұнтақ әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Мамандығым – болашағым» жобасы аясында өңірдің негізгі салалары (мұнай-газ, металлургия, көлік, ЖЭК, су шаруашылығы) бойынша 60-тан астам сарапшы мен 30 ұйымның қатысуымен форсайт-сессиялар өткізілді.

Университетте төрт диссертациялық кеңес жұмыс істеді; математика, физика және филология бағыттары бойынша 11 диссертация қорғалып, барлық докторанттар PhD дәрежесін алды.

2024 жылы Университеттің 11 оқытушысы мен зерттеушісі ұлттық гранттар мен сыйлықтардың лауреаты атанды: олардың 5 – «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», 2 – «Үздік ғылыми қызметкер» номинациясы бойынша, 3-і – ғылыми стипендия иегерлері, 1 – жас ғалымдарға арналған М. Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

3-басым бағыт. Интернационалдандыру және халықаралық ынтымақтастық

2024 жылы Университет Түркия, Польша, Грузия, Малайзия, АҚШ және Әзербайжан университеттерімен 15 ынтымақтастық туралы келісім жасасты. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында 76 студент шетелде білім алды, тағы 40 студент шетелдік серіктестермен жасалған меморандумдар негізінде, соның ішінде Эгей университеті, Малага университеті, Краков қаласындағы AGH, INTI International University және Маршалл университетінде оқыды. Алғаш рет Heriot-Watt халықаралық кампусының 16 студенті Go Global бағдарламасы аясында Ұлыбритания мен Малайзияда оқу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен

қатар, Университетке Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Ресей елдерінен 46 студент келді.

Шетелдік студенттердің географиясы 14 елге дейін кеңейді, оның ішінде Өзбекстан, Ресей, Қытай, Германия, Әзербайжан, Ауғанстан, Пәкістан, Гана және Кения мемлекеттері бар.

2024 жылы Университет Purdue University (АҚШ) және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-мен бірлесіп «Leading Academic Transformation» бағдарламасы аясында халықаралық жобаларға қатысты, сондай-ақ АҚШ Мемлекеттік департаментінің ARELTA қауымдастығы қолдау көрсеткен «Scaffolding PUDP to English Language» жобасына қатысты. Astana IT University және Цинциннати университетімен (University of Cincinnati, АҚШ) бірлесіп, Университет Кәсіпкерлік экожүйесін дамыту және Қазақстанда «ақылды қала» технологияларын енгізуге бағытталған Халықаралық білім беру жөніндегі Америкалық кеңестің грант иегері атанды.

Университет сондай-ақ Еуропа мен Орталық Азия елдерінде ерте білім беру және оқу сауаттылығы әдістемелерін дамытуға бағытталған UN Women және Athena Educational Solutions жобаларына қатысты.

Халықаралық академиялық белсенділік әлемнің жетекші жоғары оқу орындарынан 68 шетелдік ғалымды тарту арқылы қолдау тапты. Олардың қатарында Рединг университеті (University of Reading), Гонконг политехникалық университеті (Hong Kong Polytechnic University) және Қытайдың Ұлттық технологиялық университеті (NTU China) бар. Ғалымдар дәрістер, мастер-класстар мен семинарлар өткізді.

2024 жылы Университеттің 21 қызметкері «Болашақ – 500 ғалым» халықаралық бағдарламасының грант иегерлері атанды. Олар Heriot-Watt, Мичиган (University of Michigan), Миннесота (University of Minnesota) және Лидс (University of Leeds) университеттерінде инженерия, менеджмент және IT бағыттары бойынша білімдерін шыңдады.

Университет жанында төрт тіл орталығы жұмыс істейді: Конфуций институты, Корей тілі орталығы, Түркі тілдері зертханасы және Польша мәдениеті орталығы. 2024 жылы бұл орталықтарда 1 336 студент білім алды. Бұл өз кезегінде шетел тілдерін меңгеру деңгейін арттыруға және халықаралық бағдарламаларға қатысу белсенділігін күшейтуге ықпал етті.

4-басым бағыт. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу

Университеттің Студенттік парламенті – студенттік өзін-өзі басқарудың негізгі институты болып табылады. Оның құрамына 10 сенатор, 30 мәжіліс төрағасы және 5 министр кіреді. 2024 жылы тәрбиелік жұмыстың бес негізгі бағыты бойынша шамамен 350 іс-шара өткізілді.

Азаматтық ұстаным және рухани-адамгершілік тәрбие. 84 іс-шара және 699 менторлық сағат ұйымдастырылды. Солардың ішінде жастар форумы *Adal Urpaq*, UN Women ұйымымен бірлескен *OpenSoz Lectorium* жобасы, сондай-ақ Қ. Жұбановтың 125 жылдығына арналған дебат турнирі, поэзия байқауы және *Studlife* бастамасы өтті. 500-ден астам студент су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық және психологиялық көмек көрсеткен еріктілер қатарында болды.

Әлеуметтік тәрбие. 50 іс-шара мен 587 менторлық сағат өткізілді. Бағдарламаға қарттар үйлерінде және балалар үйлерінде концерттер, шеберлік сабақтары, Наурыз мерекесін атап өту және танымал тұлғалармен кездесулер кірді.

Құқықтық тәрбие. Құқық бұзушылықтың және лудоманияның алдын алуға бағытталған 125 іс-шара мен 2 776 менторлық сағат өткізілді. Негізгі оқиғалар қатарында прокуратура, ІІМ және құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер, сондай-ақ республикалық дебат турнирі «Қоғам дерті: лудомания және қаржы пирамидалары» болды.

Дене мәдениеті және салауатты өмір салты. 53 спорттық іс-шара (647 сағат) өткізілді, оның ішінде университеттік лигалардың ашылуы, *Zhubanov Run* жаппай жүгіру шарасы және спорт клубтарының дамуы бар.

Экологиялық және еңбек тәрбиесі. Таза Қазақстан акциясы және ЭкоКвест–2024 экологиялық квесті аясында 45 іс-шара және 931 менторлық сағат ұйымдастырылды.

2024 жылы 947 студент әлеуметтік қолдау алды. Оларға «Қазақстан халқына» қорының гранттары, президенттік және корпоративтік стипендиялар, сондай-ақ еріктілер мен белсенділерге арналған жеңілдіктер берілді.

Денсаулық және салауаттылық орталығы студенттер мен қызметкерлерге психологиялық көмек көрсетті: 2 296 кеңес беру сағаты өткізілді, оның ішінде 53 жедел сессия бар. 3 300-ден астам студент жеке және топтық қолдау алды. Орталық сондай-ақ «Салауатты ұрпақ – ұлт байлығы» халықаралық форумын және Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне арналған дөңгелек үстел өткізді.

Кәсіби даму аясында 270 оқытушы стресс-төзімділік, экологиялық менеджмент және эмоционалдық күйзелістің алдын алу бойынша тренингтерден өтті. Орталықтың қызметі салауатты, қауіпсіз және инклюзивті университеттік ортаны қалыптастыруға бағытталған.

5-басты бағыт. Университеттің тұрақты қаржылық-экономикалық дамуын қамтамасыз ету

2024 жылдың 12 айының оқу және ғылыми жабдықтарды жанартуға жұмсалған қаржы көлемі 1 083 818 мың теңгені құрады.

2024 жылдың ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) бойынша кіріс көлемі 1 678 455 мың теңгені құрады, оның ішінде ҚР ҒЖБМ ғылыми гранттары – 1 633 195 мың теңге, сондай-ақ «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы АҚ қаржыландыруы, ғылыми жобалар бойынша бірлесіп қаржыландыру және шаруашылық шарттар бойынша орындалған жұмыстардан түскен кірістердің жалпы сомасы 45 260 мың теңгені құрады.

Университеттің жалпы кірісіндегі мемлекеттік ғылыми гранттар бойынша ҒЗЖ кірісінің үлесі 2024 жылдың 12 айына 1 678 455 мың теңгені құрады, бұл жоспарланған 668 530 мың теңгеден шамамен 3 есеге жоғары.